

Ақмола облысы мәдениет басқармасы жанындағы "Көкшетау" мәдениет сарайы" МКҚК ұжымының қоғамдағы сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы күрес жөніндегі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің жұмысы туралы ұжымды хабардар ету жөніндегі отырысының хаттамасы.

Көкшетау қ.

« 16 » қазан 2025 жыл

Өткізу орны: Ақмола облысы мәдениет басқармасы жанындағы «Көкшетау» мәдениет сарайы» МКҚК

Төраға: Директор Курманова А.Н.

Хатшы: кадр бойынша инспектор Жуматаева З.Б.

Қатысты: құрылымдық бөлімшелердің жетекшілері.

Күн тәртібі: қоғамдағы сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы күрес жөніндегі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің жұмысы туралы ұжымды хабардар ету.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша төраға Курманова А.Н. сөз сөйледі:

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет жауапты мемлекеттік лауазымдарды атқаратын адамдар жасаған сыбайлас жемқорлық қылмыстарды анықтау бойынша тұрақты негізде жұмыс жүргізеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі қоғамдағы заңдылық пен тәртіпті қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөледі.

ҚР ҰҚК сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қызметі қоғамдағы заңдылық пен тәртіп қағидатын қамтамасыз етуге ерекше назар аударады. ҚР ҰҚК сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қызметі қыркүйек айында Қылмыстық кодекстің мынадай баптары бойынша сараланатын **13** құқық бұзушылықты тіркеді:

-..361-бап (лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану) - 1;

-..366-бап (пара алу) - 5;

-..367-бап (пара беру) - 5;

-..234-бап (экономикалық контрабанда) – 1;

-..287-бап (қаруды, оқ – дәрілерді, жарылғыш заттар мен жарылғыш құрылғыларды заңсыз сатып алу, беру, өткізу, сақтау, тасымалдау немесе алып жүру) - 1.

9 қылмыстық іс сотқа жіберілді:

- 189-бап (сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемдену немесе ысырап ету) - 3;

- 190-бап (алаяқтық) - 1;

- 366-бап (пара алу) - 3;

- 218-бап (Қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге де мүлікті заңдастыру (жылыстату) - 1;

- 385-бап (жалған құжаттарды, мөртабандарды, мөрлерді, бланкілерді, пошта төлемінің мемлекеттік белгілерін, мемлекеттік наградаларды қолдан жасау, дайындау немесе өткізу) - 1.

ҚР ҰҚК сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қызметі азаматтарды сыбайлас жемқорлық фактілері туралы ақпарат болған жағдайда Агенттіктің Call-орталығына 1424 нөмірі бойынша жүгінуге шақырады.

Отырыс қорытындысы бойынша мынадай шешім қабылданды:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің қоғамдағы сыбайлас жемқорлық

көріністеріне қарсы күрес жөніндегі жұмыстарының нәтижелері назарға алынсын.

2. Құрылымдық бөлімшелердің басшылары «Ақмола облысының мәдениет басқармасы жанындағы» Көкшетау «мәдениет сарайы» МКҚК барлық қызметкерлерінің назарына зерделенген ақпаратты жеткізсін.

3. Сыбайлас жемқорлық көрінісімен бетпе-бет келген кезде назарға жеткізілсін, 1424 нөмірі бойынша дереу хабарлансын.

Төрайым

Хатшы



 А. Курманова



З. Жуматаева

3. Жуматаева